

Шайхиева Куланда Мактаповна

старший преподаватель

Каспийский государственный университет

технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова

г. Актау, Республика Казахстан

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ СЫЗУ ПӘНІНІҢ ОРНЫ

Аннотация: в данной статье затрагивается тема профессионального образования. Как показала сама жизнь, спрос на рабочую силу растет из-за развития экономики и отраслей. В настоящее время страна нуждается в квалифицированных специалистах, которые освоили передовые технологии в мире цивилизации, имеют новое профессиональное образование, основанное на знаниях.

Ключевые слова: молодой специалист, рисунок, информация, человечество, образование, будущее.

Аннотация: Өмірдің өзі көрсеткендей еліміздегі экономика және өндіріс салаларының дамуына байланысты жұмысшы мамандарға деген сұраныс күн санап артып келеді. Қазіргі кезде елімізге өркениет әлемінің озық технологияларын меңгерген, жаңа заман талабына сай кәсіптік білімі бар, сапалы да, білікті мамандар қажеттілігі туындап отыр.

Кілт сөздері: жас маман, сызу, ақпараттық, адамзат, білім, болашақ.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауларында елімізде білім беру саласын дамытуға айрықша мән беріліп келеді. Білім беру саласындағы жаңалықтарды үш топқа бөліп қарастырамыз:

- ұйымдастырудағы жаңалықтар;
- технологиялардағы жаңалықтар;
- оқулықтар мен бағдардамалардың өзгерістеріндегі жаңалықтар.

Аталған жаңалықтардың аясында болашақ оқытушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың да жаңашылдық бағыттары анықталады. Яғни, бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне аса мән берілмейінше,

білім берудің заманауи технологияларын, соның ішінде электрондық оқулық пен бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендімейінше, бірде-бір әлеуметтік – экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес. Оқытушылық қабілеттілікті қалыптастыру, педагогикалық тәжірибеде маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев «Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздардың қолында» деген еді. Бүгінгі ұстаздардың ең басты негізгі міндеті – студентті білімімен қаруландыра отырып, ойлауға, ізденуге, еңбек ете білуге үйрету, тәрбиелеу. Ендеше болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш білімде ғана. Бала өмірінде оқытушы ерекше рөл атқарады. Егер студент оқытушыны жақсы көрсе, ол оқуды да, оқу орнында жақсы көреді. Оқытушының беделін көтеретін факторлардың ішіндегі ең негізгісі сабақ процесі. Сабақтың құрлымын терең білу, оған өзіндік талдау жасау бірінші қажеттілік. Әлемдік білім кеңестігіне ену кезеңінде нарық экономикасының бәсекесіне қабілетті жеке тұлға қалыптастыру білім саласының басты мақсатының бірі болса, ол сабақ арқылы іске асырылады. Психологиялық жағынан дайындығы мол болғанда, жақсы көңіл – күймен, шабытпен, шығармашылық ізденіспен, мақсат қоя отырып жоспарлағанда ғана сабақ нәтижелі шығады. Ол үшін сабақтың типтерін және оның мазмұнын мұғалім терең білу керек. Ұстаз еңбегі – оқушының білімімен өлшенеді. Ұстаз еңбегінің күрделілігі – әрбір оқушының жүрегіне жол табуында, әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, қоғам алдындағы жауапкершілікті, адамгершілікті, қадір қасиетті сезіндіру [2, б. 27].

Жалпы болашақтың иесі – жастар, жас ұрпақ. Сол ұрпақ тәрбиесі, білімі, біліктілігі, сан қырлы азамат болып өсуі және де жақсы маман болуы ұстаздарға байланысты. «Бір жылынды ойласаң егін ек, он жылынды ойласаң ағаш отырғыз, болашағынды ойласаң жастарды тәрбиеле» дейді. Бұл жауапкершілігі зор, салмағы ауыр міндет. Өйткені бүгінгі жас буын – ел болашағының ертеңгі кілті. ХХІ ғасырдың идеялары жасампаз жаңалықтардың дәуірі. Оған лайық болу

қазіргі жаһандану процесіндегі кез -келген мемлекеттің негізгі ұстанымы. Ендеше біздің тәуелсіз елімізді өрқениетке жетелер жолдың бастауы – білім ордалары десек, оның жүрегі де, тірегі де – ұстаз.

«Ақпараттық – компьютерлік технологиялар – педагогикалық іскерлікті шыңдау құралы». Қазіргі ақпараттық технологиялардың даму кезеңінде, орта білім беретін оқу орындарында жаңа технологияларды қолдана білу әрбір пән оқытушының басты кезек күттірмейтін мәселесі. Сол себепті ақпараттық - компьютерлік технологиялар құралдарын күнделікті іс әрекетте кеңінен қолдана білу, іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы оқу орындары мамандарының кәсіби дайындығына қойылатын талаптар арта түспек. Оқытушының басты мақсаты тек ғана білім берумен қатар оқушылардың білімге деген ықыласын арттыру [5, б. 55].

Қазір білім беру сапасын дамытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болу мүмкін емес. Бүгінгі ақпараттық қоғамының материалдық технологиялық қоры компьютерлік техникалар және ақпараттық технологиялар жүйелері болып табылады. Кәсіптік білім беруде қойылған мәселелер қатарында – білім беру сапасын көтеру мен тәрбиеге, әрбір пәнді оқытуды мейлінше жоғары ғылыми деңгейде қамтамасыз етуге оның практикалық бағытын үдетуге маңызды орын бөлген. Оның маңызы, қазіргі таңда іске асып отырған, оқушыларды еңбек дайындығына даярлауды түбегейлі жақсарту және жастарды жалпы кәсіби бағытта оқытуға заман талабына байланысты одан да артып отыр. Осы заманғы өндірісте сызудың алатын орны ерекше маңызды, оқушыларға қойылып отырған талап графикалық сауатты болуға міндеттейді. Кіріспе сабақ жоспарын дайындарда, көптеген оқытушылар – оқушыларда ерекше көзқарас тудыратын мәліметтер қолдануға және оқытылатын пәнге қызығушылық тудыру үшін, қандай қосымша материал таңдап алу мәселесінде ойға шомады. Пән бағдарламасы бұл үшін, дарынды ғалым-инженерлердің сызу мағынасы туралы айтқандарын, оқушыларды осы заманғы сызба орындау әдістерімен таныстыру ұсынылады. Мұндай мәліметтер оқулықтарда шамалы қелтірілген, бірақ ол жеткіліксіз. Мысалы, сызбалардың

даму тарихы бойынша қосымша мәліметтерді алайық. Оқулықта Н.А. Рыниннің, Д.И. Каргиннің, А.И. Добряковтың, Д.И. Четверухиннің және В.О. Гордонның есімдері айтылған. Мұғалімге солар туралы айту қажет. Профессор В.О. Гордон (1872–1971) – 1926 жылы кеңес мектебі үшін техникалық сызу бойынша шығарылған алғашқы кітаптың авторы. Ол машина жасау облысында сызбалар үшін стандарттар жасауға көп еңбек сіңірді, 20-дан астам сызба геометриясының курсын дайындады. Белгілі Н.А. Рынин (1887–1943) бейнелеу әдістері ғылымына, жалпы атауына «Планета аралық байланыстар» деп аталатын еңбектер топтамасын жасауға айтарлықтай үлес қосты. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында басталған бұл еңбек, қатаң да қиын жылдар болғанына қарамастан, фантастикалық шығарылымдардан тұрды: «Астронавигация», «Ғарыштық сапарлардың теориялары», «Ғарыш қорабьдері және қиялшылдар фантазиясы». Ол 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Оның сызба геометриясы бойынша есептер жинағында он мыңдай есеп келтірілген, оларда ұшу теориясы мәселелері ғана емес, сонымен қатар етік, тігін жұмысы, сәулеттік құрылымдар, жарықтандыру мәселелері де қамтылған. Оның қаламынан мынадай ұлы сөздер шыққан, «жақын арада жер адамзат үшін тар бола бастайды, ол өзінің көзқарасын аспанға бұрады, планета мен жұлдыздарға бұрады. Ол жаққа адамның ойы көптен бері бұрылуда [4, б. 105].

Оқушыларға бейнелеу әдістерінің даму тарихымен, ұлы ғалымдар өмірінен деректермен қызықтырған маңызды. Сызуды сабағында оқытудың жана инновациялық технологияларын тиімді әдіс тәсілдерімен, ойын элементтерін, тірек сызбалары, сөзжұмбақ, бүктеме, әр түрлі сызбалар бойынша, қызықты есептерді шешу арқылы оқушылар бойында сызуды пәніне деген қызығушылықты арттырамын.

«Көріністер» тақырыбы сызбаның басты есебі болып табылатын 3 көрінісі бойынша көрнекті кескінді табу оқушылардың логикалық ойлау, қабілетін талдау, синтездеу, кеңістікте көз алдына елестету қабілетін, табиғи таланттарын ашу мақсатында болды.

Қорыта келе, білім алушы мамандардың мамандығына сәйкес оқу бағдарламаларын құрып, ақпараттық технологиялармен оқытуды ізденіп жалғастырамын. Сызбаны компьютердің көмегімен салу Paint программасы бойынша орындалуда. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруда интерактив тақтаны пайдалана отырып AutoCad программасы мен сызба сызуды ұйымдастырамын. Сабақтан тыс уақытта, үйірме жұмысында оқушылар Paint программасы бойынша өз арманындағы қала, өзі қалаған үйін көз алдына кеңістікте елестетіп сала алады. Геометриялық тұрғызулар, сызбалар, графикалық сызбалар сала алады. Бұл оқушылардың сызбаға қызығушылығының нәтижесі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Боголюбов С.К. Черчение / С.К. Боголюбов, А.В. Войнов. – М.: Машиностроение, 1981.
2. Василенко Е.А. Методика обучения черчению. – М.: Просвещение, 1990
3. Кузьменко В.И. Методика преподавания черчения / В.И. Кузьменко, М.А. Косалапов. – М.: Просвещение, 1981.
4. Ставрапольский Н.О. Уроки черчения в школе. – М.: Просвещение, 1981.
5. Волков И.П. Учим творчеству. – М.: Педагогика, 1988.
6. Есмұханов Ж. Черчение. Оқулық. Рауан. – Алматы. 2000